

**«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия  
докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған  
Сапаров Бахытжан Жолдыбайұлының  
«Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының дін  
саласындағы мемлекеттік саясаты» тақырыбында  
жазылған диссертациялық жұмысына ресми**

## **СЫН-ШҚІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазақстан Республикасы егемендікке қол жеткізген алғашқы күндерден бастап ақ өзін зайырлы мемлекет ретінде бекітіп, Ата Заңында ар-ождан бостандығын сақтауды алға тартты. Яғни, зайырлылық құндылықтарының адамзат өміріндегі орнын айқындап, осы принциптердің басты ұстанымдарын, артықшылықтарын мойындағаны белгілі. Яғни, зайырлылық қоғамдардағы қарым-қатынастарды, әртүрлі дүниетанымдар мен наным-сенімдерді үйлестіруші бірегей институт ретінде қабылданды. Ал бүгін мемлекет пен дін арасындағы үйлесімді байланыс, орнықты қарым-қатынас қоғамымызда татулық пен тыныштықтың сақталуына, рухани және мәдени тұрғыда дамуымызға, радикализмнен қорғануымызға өзіндік оң ықпалын тигізіп отырған мемлекеттің дін саласындағы саясатының оң жетістігі деп айтуға болады. Осы принциптер мемлекеттің дін саласындағы саясатының халық талабы негізінде азаматтардың бостандығын қорғай отырып, әдемдік үлгідерге сәйкес зайырлылық қағидаттарының оңтайлы үлгісін қолданғанын көрсетеді.

Диссертант Б.Ж. Сапаровтың қарастырып отырған «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаты» мәселесі дінтану ғылымында бүгінгі күн талаптарына сай зерттеліп отырған еңбек болып саналады. Диссертациялық зерттеу қазіргі жағдайда мемлекет пен діннің өзара байланысын, бір жағынан, мемлекет институттарының байланыстары мен қарым-қатынастарының тарихи тұрғыдан қалыптасқан және өзгеріп отыратын формаларының жиынтығын, екінші жағынан, конфессиялардың (діни бірлестіктердің, рухани-әкімшілік орталықтарының, діни құрылымдардың) институциональды бет пердесін айқара ашуға, оған дінтанулық талдау жасауға бағытталған зерттеу деп есептеуге болады.

Осы алғышарттар Қазақстанда мемлекеттің дін саласындағы саясатын қайта қарастырып, жаңа діни жағдайды – діни еркіндік жағдайын жүзеге асырудың жолдарын ашты, бірақта бұл процесстер, ар-ождан бостандығына әсер ететін бірқатар жаңа проблемалар мен үрдістерді тудырды. Мемлекеттің діни сенім саясатының осы бағытының тиімділігін бағалау, «ауырсыну нүктелері» мен даулы жағдайларды анықтау, мемлекеттің құқықшығармашылық, құқық қолдану қызметін, қоғамдық және діни

бірлестіктердің, БАҚ, білім беру органдарының қоғамдық санада ар-ождан бостандығы, қазақ халқының исламға дейінгі наным-сенімдері мен мәдени дәстүрлерін, халықтың әртүрлі дүниетанымдық және діни топтары өкілдерінің өзара қарым-қатынастарындағы төзімділік қағидатын құрметтеуді нығайту жөніндегі өмір тәжірибелерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау қажеттіктері өзектілігін танытуда.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығын автор келтірген материалдар мен қорытындылар ар-ождан бостандығы және мемлекет-дін қатынастар мәселелері бойынша жалпылама зерттеулерді дайындау кезінде, мемлекеттік және әкімшілік қызметшілердің, сондай-ақ сот және прокуратура қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарында қолданылуы мүмкін, дінтану, әлеуметтік философия, әлеуметтану және саясаттану бойынша оқу құралдарын жазу және дәрістер курстарын дайындау үшін пайдалануға болады.

Диссертант Б.Ж. Сапаровтың еңбегі еліміздің мемлекет пен діни бірлестіктердің арақатынасы саласына өзіндік үлесін қосатын зерттеу жұмысы. Осы тұрғыдан келгенде, диссертация тақырыбы Қазақстан қоғамы үшін өзекті екені дау тудырмайды.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Ізденуші Бахытжан Сапаровтың диссертациялық жұмысының жоспары, мақсаты мен міндеттеріне сай алты ғылыми нәтижені көрсетеді. Әрқайсына жеке тоқталатын болсақ: **Бірінші нәтижеде** дін саласындағы дін тұтудың еркіндігі мен ар-ождан бостандығы түсінігі, қалыптасу ерекшеліктері мен мазмұнын ашып көрсеткен. **Екінші нәтижеде** діни сананы қалыптастыру барысындағы төзімділік қағидаттарын жүзеге асырудың әлемдік тәжірибесіне талдау жасалған. **Үшінші нәтижеде** мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастарды шешудің әлемдік тәжірибесіндегі саясат пен дін арасындағы қатынастың әлеуметтік-мәдени астарлары айқындалған. **Төртінші нәтижеде** мемлекет пен дін арасындағы саясаттың негізгі басымдықтары мен ішкі мазмұнына зерттеулер жүргізілген. **Бесінші нәтижеде** қазіргі заман талабына сай жаһандық және аймақтық дін саласындағы іс-қимылдарға жауап ретінде ҚР-дағы діни бірлестіктерді тіркеудің мәні мен маңызы көрсетілген. **Алтыншы нәтижеде** қоғамдағы дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісін насихаттаудың елдің саяси стратегиясындағы маңыздылығы айқындалған.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері бір-бірімен тығыз байланысты. Әр ғылыми нәтиже келесі ғылыми нәтиженің мәнін ашуға себепші, әрқайсысы теориялық негізделген, практикалық тұрғыда қарастырылған, сонымен толық қорытынды жасалған.

## **3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**



**Бірінші тұжырымы** нақты әрі жан-жақты негізделген. Сонымен бірге, дінтану саласында нақты ұғымдар біртұтас мағынаға ие болады – ар-ождан бостандығы, дін еркіндігі, дін бостандығы, діни сенім бостандығы, олар синонимі жоқ, мазмұны әр түрлі, не бірін-бірі ауыстырады, не бір-бірімен сәйкес келеді. Дегенмен, олар айтарлықтай айырмашылықтарды ескерместен жиі қолданылады.

**Екінші тұжырымы** нақты және дәлелденген деп есептеймін. Қазіргі заманда діни сананы қалыптастыру барысындағы төзімділік, ар-ождан мәселесінің әлемдік тәжірибелегі қазіргі көріністері оның ішкі заңдылықтары күрделі екенін көрсетеді. Ол әр мемлекеттің әлеуметтік-мәдени, рухани дамуының деңгейіне тікелей байланысты екендігі айқындалады.

**Үшінші тұжырымының** дәйектілігі нақты көрсетілген. Әлемдегі ең ежелгі діндер индуизм мен буддизм діндері мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастар, өзге монотеистік діндер мен мемлекет арасындағы қатынастардан түбегейлі ерекшеленеді. Монотеистік иудазим, христиан, ислам діндерінің де мемлекет пен қарым-қатынас түзуінің өзіндік діни дәстүрлерге байланысты ерекшеліктері бар. Тіпті, бір ғана христиан діни арасындағы үш негізгі конфессиялық бағыттар арасында және олардың геомәдени таралу ареалына байланысты бір-біріне мүлде ұқсамайтын үлгілер қалыптасты. Жалпы, мемлекет және дінаралық қатынастарды зерттеу саласында негізінен, «мемлекет-шіркеу қатынастары» деген термин жиі қолданылады.

**Төртінші тұжырымында** нақты және дәлелденген нәтижелер көрініс тапқан. Соңғы кездері дін мен саясаттағы өмірдің бір-бірінен алшақ көрінетін салалары мен олардың нақты әлемдегі өзара байланысы айтарлықтай артты. Осы проблемалардың айналасында көптеген пайымдаулар бар. Олардың кейбіреулері саясат пен дінге қарсы, дін жоғары бағаланады және осы ұстанымнан олар саясаттың қоғамдық өмірдегі орны мен рөлін төмендетеді. Адамзат қоғамы дамуының ежелгі кезеңдерінен бастап олардың өзара тығыз байланысы мен өзара әрекетін ескере отырып, біз осы пайымдаулармен келісе алмаймыз. Дін мен саясат өз табиғаты бойынша әлеуметтік және тарихи құбылыстар. Олар рухани әлемнің табиғаты бойынша өмір сүреді. Дін мен саясаттың пайда болуында объективті әлемнің субъективті көрінісі маңызды рөл атқарды, яғни, адамның іс-әрекет формаларында, оның санасы мен сыртқы әлемнің еркінде көрініс табатын руханилық процесс.

**Бесінші тұжырымы** шынайлығы жоғары дәрежеде болып табылады. Республика халқының Қазақстанның дәстүрлі және дәстүрлі емес конфессияларының догматикалық негіздері жайлы нашар мәліметі болуына байланысты, ҚР «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңның халықаралық құқық нормаларымен кейбір деңгейде үйлеспейтін тұстары бар екені анық. Қазір мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастарды сарапшылдық аналитикалық тұрғыдан қоса жүруін тереңдету қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты қауіп тудыратын діни және дін атын жамылған ілімдер мен тәжірибелерді зерттеп, сарапшылар қоғамдастығы мен



діни бірлестіктердің өкілдерін қатыстырумен азаматтық қоғамның институттарымен ашық талқылау өткізу керек.

*Алтыншы тұжырымы да* нақты және дәлелденген. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші, екінші, үшінші құрылтайының Қазақстанда, оның ішінде Елордада өткізілуі дүниежүзі алдында мерейімізді тағы үстем етті. Дін халықтарды жақындастыратын ұлы күш екендігіне көз жеткізгендігімізді мойындауымыз керек. Қорыта келе, біздің қоғамның осы үлгісі мен тәжірибесі дінаралық жанжалдарға қазіргі кезде жол бермеуге болатынын көрсетеді және оң нәтижелерге қол жеткізуге әсер етеді.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

*Бірінші ғылыми нәтиже* жаңа болып табылады, дін саласындағы дін тұтудың еркіндігі мен ар-ождан бостандығы түсінігі, қалыптасу ерекшеліктері мен мазмұны ашылған.

*Екінші ғылыми нәтиже* дінтану ғылымының теориялық негіздемесіне қосылған жаңа үлес. Діни сананы қалыптастыру барысындағы төзімділік қағидаттарын жүзеге асырудың әлемдік тәжірибесіне талдау жасаған.

*Үшінші ғылыми нәтиже* салыстырмалы жаңа болып саналады. Онда қазіргі мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастарды шешудің әлемдік тәжірибесіндегі саясат пен дін арасындағы қатынастың әлеуметтік-мәдени астарларын айқындаған.

*Төртінші ғылыми нәтиже* жаңа болып табылады. Себебі, мемлекет пен дін арасындағы саясаттың негізгі басымдықтары мен ішкі мазмұнына зерттеулер жүргізген.

*Бесінші ғылыми нәтиже* салыстырмалы түрде жаңа, қазіргі заман талабына сай жаһандық және аймақтық дін саласындағы іс-қимылдарға жауап ретінде ҚР-дағы діни бірлестіктерді тіркеудің заңнамалық астарлары мен дінтанулық ерекшеліктері ашылған.

*Алтыншы ғылыми нәтиже* жаңа болып саналады. Себебі, автор қоғамдағы дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісін насихаттаудың елдің саяси стратегиясындағы маңыздылығының негізгі ерекшеліктерін ашып, оның мәнін көрсеткен.

**5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.**

Диссертант Б.Ж. Сапаровтың зерттеу барысында қол жеткізген тұжырымдамалары мен ғылыми нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы талаптарға сай. Зерттеудің теориялық құндылығы – диссертация тақырыбы қазақстандағы мемлекет пен конфессия аралық қатынастарға дінтанулық талдаулар жүргізілуінде.

Диссертациялық зерттеу еліміздегі мемлекет пен конфессияаралық қатынасты дінтанулық тұжырымдауға бағытталған еңбек екендігін мойындай отырып, бұл зерттеудің нәтижелері дінтану, саясаттану, мәдениеттану, философия, әлеуметтану саласындағы ізденістер мен арнайы элективті курстар оқытуда қолдануға болады.

**6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 13 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған журналдарда – 5 ғылыми мақала; халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының арнайы жинақтарында – 7 ғылыми мақала (оның ішінде 1 мақала шетелдік баспада); нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 1 басылып шықты.

**7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Б.Ж. Сапаровтың диссертациялық зерттеу жұмысы талаптарға сай деңгейде орындалған. Жұмыстағы кемшіліктер:

1. Мәтінде кейбір стилистикалық қателіктер мен қайталаулар кездеседі.
2. Қазақстандағы тиым салынған дәстүрлі емес діни ағымдардың әлеуметтік және миссионерлік қызметтері кеңірек қарастырылмаған.

Алайда, аталмыш ескертпелер ғылыми жұмыстың негізгі мазмұнына зиян келтірмейді. Диссертант зерттеу барысында қойған мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізе білген. Бұл аталған ұсыныстар мен кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деген ойдамын.

**8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Б.Ж. Сапаровтың қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыбы ғылыми жағынан өзекті. Жұмыс аяқталған және өзінің көздеген мақсатына толығымен қол жеткен. Ізденуші өзінің көзқарастары мен ғылыми тұжырымдамаларын дәлелдеу барысында ғылыми әдістерді орынды пайдаланған. Диссертанттың зерттеу жұмысы қазақстандық дінтану ғылымына өзіндік үлесін қосады деп есептеймін.

Б.Ж. Сапаровтың «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаты» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны камтамасыз ету Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Бақытжан Жолдыбайұлы Сапаров «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

**Ресми сын-пікір беруші:**

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің доцент м.а. PhD доктор



Д.А. Сихимбаева